

Қаражал қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 желтоқсандағы № 102 шешімі. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 150 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлытау облысы Қаражал қалалық мәслихатының 28.03.2024 № 150 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 24382 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қаражал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қаражал қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың төрағасы

З.Оспанова

Қаражал қалалық мәслихатының
2027 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 102 шешіміне
қосымша

Қаражал қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (Қосылған құн салығымен)
Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын, айына	380,00
Жеке және заңды тұлғалар үшін бірлігіне (көлеміне), жылдық тариф	1 м ³	2 425,55

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК